

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы
(бұдан әрі – Қоғам) кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2012 жылдың 27 ақпаны 10 сағат 30 минут**

Мәжілістің күн тәртібі:

1. Қоғамның Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы
2. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

1. Қоғамның директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы

Қоғам Директорлар кеңесінің шешіміне (2011 жылғы 22 желтоқсандағы № 20 хаттама) сәйкес 2011 жылдың 22 желтоқсанында Балжанов Асқар Құмарұлының Бас директор (Басқарманың төрағасы) ретіндегі өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Шешім:

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі Балжанов Асқар Құмарұлының өкілеттігі мерзімнен бұрын тоқтатылсын.

2. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы

2012 жылдың 6 қаңтарында Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының 10.5-тармағына, 12.2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдады.

Қоғам ірі акционер - «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Киинов Ләззат Кетебайұлын Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау туралы ұсынысы бар өтінімін (№ 108-26/31 хат) алды.

Қоғам Жарғысының 11.1 бабының 8-тармағына сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттігі мерзімін белгілеу, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату жатады.

Кандидат туралы мәлімет қоса беріліп отыр.

Шешім:

Киинов Ләззат Кетебайұлы тұтастай алғанда Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттігі мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлансын.

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесіне
кандидат туралы ақпарат**

- 1) Тегі, аты, әкесінің аты: Киинов Ләззат Кетебайұлы
- 2) Кандидатты ұсынған акционердің атауы: «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
- 3) Кандидатқа тиесілі Қоғамның акцияларының саны: жоқ
- 4) Білімі туралы мәлімет: жоғары, 1971 жылы Қазақ политехникалық институтын «Геология мен мұнай және газ кен орындарын барлау» мамандығы бойынша бітірген. Техникалық ғылымдардың докторы, Халықаралық инженерлік академияның академигі
- 5) Қоғамға аффилирлендірілгені туралы мәлімет: жоқ
- 6) Кандидаттың соңғы бес жылдағы жұмыс орындары мен басқа заңды тұлғалардың басқару органдарында атқарған лауазымдары туралы мәлімет:
 - 2011 жылдың желтоқсанынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы;
 - 2010 жылдың сәуірінен бастап ҚР Мұнай және газ Вице-министрі;
 - 2003 жылдың наурызынан бастап ҚР Энергетика және минеральдық ресурстар Вице-министрі.
- 7) Кандидаттың Қоғамның аффилирлендірілген тұлғаларымен және қарсы агенттерімен қатынасы туралы ақпарат: жоқ.
- 8) Өтелмеген немесе заңнамамен белгіленген тәртіппен алынбаған сотталуының болуы туралы ақпарат: жоқ.
- 9) Кандидаттың Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынуға келісуі туралы мәлімет: иә.